

1	Сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшері қандай?	Берешекті өндіру туралы атқарушылық құжаттар бойынша ЖСО қызметіне ақы төлеу істердің санатына және өндіру сомасына байланысты 3-тен 25% – ға дейінгі мөлшерде белгіленеді.
2	Жеке сот орындаушысы болуға кімдер құқылы?	Жиырма бес жасқа толған, жоғары заңгерлік білімі бар, жеке сот орындаушысы лицензиясын алған және Республикалық палатаға кірген ҚР азаматы жеке сот орындаушысы болуға құқылы.
3	Жеке сот орындаушысының лицензиясын кім береді?	Жеке сот орындаушысының лицензиясы атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану жөніндегі қызметпен айналысу құқығына берілген рұқсат болып табылады және оны уәкілетті орган тағылымдама мен аттестаттаудан өткеннен кейін береді.
4	Жеке сот орындаушысының лицензиясы қанша уақытта беріледі?	Жеке сот орындаушысының лицензияларын беру мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: – лицензия беру не лицензиядан бас тарту кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні; – лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні.
5	Аттестаттаудан және тағылымдамадан өтуден кімдер босатылады?	Аттестаттаудан және тағылымдамадан өтуден мыналар босатылады: – Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы

		отырысының оң пікірін алған адамдар; – судьялар; – прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде бес жыл жұмыс істеген адамдар; – атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдарда кемінде екі жыл жұмыс істеген адамдар.
6	Жеке сот орындаушысы тыйым салса не істеу керек?	Салынған тыйымды алып тастау үшін: – атқару құжаты бойынша берешекті төлеу; – жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу; – жеке сот орындаушысының іс жүзінде кеткен шығындарын төлеу қажет.
7	Жеке сот орындаушысының қаулысының күшін жою қалай жүзеге асырылады?	Жеке сот орындаушысы қаулысының күшін жоюды оны шығарған жеке сот орындаушысы не іс жүргізуіне атқарушылық құжат берілген басқа жеке сот орындаушысы, оның ішінде сот актісінің немесе прокурордың наразылығының негізінде жүргізеді.
8	Жеке сот орындаушысының қызметін бақылауды кімдер жүзеге асырады ?	Жеке сот орындаушысының қызметін бақылауды Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары, Жеке сот орындаушыларының республикалық және өңірлік палаталары жүзеге асырады.
9	Қандай жағдайларда жеке сот орындаушысының қызметіне төлем өндірілмейді?	Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу атқарушылық құжаттың борышкері оны мәжбүрлеп орындатуға бергенге дейін орындаған жағдайда; Атқарушылық құжат берілген тиісті органның шешімінің күші жойылған жағдайда өндіріп алынбайды.
10	Қандай мерзімге атқарушылық іс жүргізу қозғалады?	Атқарушылық құжат келіп түскеннен кейін сот

		орындаушысы үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғайды.
11	Жеке сот орындаушысы кешкі мезгілде сағат 18:00-ден кейін атқарушылық әрекеттерді жасай ала ма?	Атқарушылық әрекеттер жұмыс күндерінде сағат 18:00-дан 22:00-ға дейін жасалады. Демалыс және мереке күндерінде, сондай-ақ түнгі уақытта атқарушылық әрекеттерге, кейінге қалдыруға болмайтын немесе оларды борышкердің кінәсінен басқа күндерде және осы Заңда белгіленген уақытта жасау мүмкін болмаған жағдайларда ғана жол беріледі.
12	Егер атқарушылық жазба сома өндіріп алынғаннан кейін жойылса, сот орындаушысы өндіріп алынған соманы борышкерге қайтаруға міндетті ме?	Егер сома өндіріп алынса және өндіріп алушыға аударылса, онда оны өндіріп алушыға жүгініп сотқа дейінгі реттеу арқылы немесе сот тәртібімен қайтаруға болады. Егер өндіріп алынған сома жеке сот орындаушысының ағымдағы шотында болса, онда ол борышкерге қайтарылады.
13	Атқарушылық іс жүргізу материалдарымен танысу үшін сот орындаушысын таппай қаламыз, не істеуге болады?	Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде қолжетімділік және ашықтық қағидатын іске асыру мақсатында атқарушылық іс жүргізу тараптарының кабинеті бар, ол арқылы тараптар атқарушылық іс жүргізу шеңберінде қабылданған процестік құжаттармен таныса алады.
14	Өндіріп алушыларға атқарушылық құжатты орындау үшін жеке сот орындаушысын таңдау құқығы көзделген бе?	Өндіріп алушы тиісті атқарушы округ шегінде жеке сот орындаушысын дербес таңдауға құқылы. Таңдау жасауға ыңғайлы болу үшін Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде және Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының сайтында барлық өңірлерді қамтитын жеке сот орындаушыларының

		рейтингі енгізілді.
15	Жеке сот орындаушысы жұмыс берушіден менің айлық жалақым туралы мәліметтерді талап ете ала ма?	Ия, егер Сіз атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкер болсаңыз, жалақы туралы мәліметтерді талап етеді.
16	Мен бершегімді толығымен төледім. Алайда жеке сот орындаушысы оның қызметіне ақы төлегенге дейін менің банктік шоттарымнан тыйымды алып тастамайды. Жеке сот орындаушысының әрекеттері заңды ма?	Иә, заңды. Барлық берешекті өтегеннен кейін Сіз сот орындаушысының қызмет ақысы мен шығындарын төлеуіңіз керек.
17	Мен берешекті өтеу қажеттігі туралы SMS хабарлама алдым, бірақ маған ешкім жазбаша түрде хабарлаған жоқ. SMS ресми хабарлама болып санала ма?	Иә, қолданыстағы заңнамаға сәйкес хабархат немесе шақыру қағазы SMS немесе электрондық пошта арқылы жіберілуі мүмкін.
18	Мен әуежайда шығуға тыйым салынып тұрғанын білдім және ұшып кете алмадым. Рейсті жіберіп алмау үшін тыйымды дереу алып тастау мүмкіндігі бар ма?	ҚР аумағынан тыс жерлерге шығуға шектеулерді алып тастау үшін екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары арқылы төлем жасауға болады. Төлемақыдан кейін шығуға шектеу автоматты түрде алып тасталады.
19	Мен борышкердің анасымын, сондықтан атқарушылық іс жүргізу материалдарымен таныса аламын ба?	Атқарушылық іс жүргізу материалдарымен тек борышкер, өндіріп алушы не олардың өкілдері ғана таныса алады. Осыған байланысты өкілдің мәртебесін куәландыратын тиісті нотариалды куәландырылған сенімхатты ұсыну қажет.

20	Маған қатысты қандай атқарушылық іс жүргізу қозғалғанын қалай білуге болады?	Аталған ақпаратты Әділет министрлігінің adilet.gov.kz сайтында Борышкерлердің бірыңғай тізілімінен алуға болады
----	--	--

21	Әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақыны өндіріп алу жүргізіле ме?	Еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде төленетін әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақыларды, сондай-ақ оқушылардың шәкіртақыларын және жұмыссыздық бойынша жәрдемақыларды төлем көзінен ұсталатын алименттерді өндіріп алу және мертігуден денсаулығының өзге де зақымдануынан немесе, асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы сот шешімі бойынша ғана өндіріп алуға болады.
22	Мен алимент төлеймін, қарыз жоқ. Алайда, менің мүлкіме тыйым салынғаны анықталды. Тыйымды қалай шешуге болады.	Сіз сот орындаушысына қарызыңыздың жоқ екендігін растайтын құжаттармен бірге <i>(өндіріп алушының өтініші, төлем туралы түбіртектер, т.б.)</i> тыйымды алып тастау туралы өтінішпен жүгіне аласыз.
23	Бұрынғы жұбайым келісім бойынша өз еркімен алимент төлемейді. Не істеу керек?	Борышкер өз еркімен алимент төлеуден бас тартқан жағдайда, Сіздің сотқа арыз беруге және алиментті мәжбүрлеп өндіріп алуға құқығыңыз бар. Ол үшін бұрынғы жұбайыңыздың тіркелген жері бойынша талап арызбен сотқа жүгіну қажет.

24	Алимент төлемегені үшін жауапкершіліктің қандай түрлері көзделген?	Алимент төлеуден жалтарған жағдайда борышкерге қатысты мынадай шаралар қолданылады: – шоттар мен мүлікке тыйым салу; – борышкерге лицензиялар, рұқсаттар және арнайы құқықтар беруге уақытша тыйым салу, сондай-ақ бұрын берілген лицензиялардың, рұқсаттар мен арнайы құқықтардың қолданылуын тоқтата тұру туралы.; – ҚР-дан тыс жерлерге шығуға уақытша шектеу; – борышкерге белгілі бір әрекеттер жасауға тыйым салу; – әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту.
25	Алимент қандай мөлшерде төленуі керек?	Алименттер ай сайын мынадай мөлшерде төленуі тиіс: бір балаға - ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бір бөлігін; екі балаға - ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің тең жартысын өндіріп алады. Сонымен қатар, Сот алимент мөлшерін тұрақты ақша сомасында немесе бір мезгілде үлеспен және тұрақты ақша сомасында ай сайын өндіріп алынатын алимент мөлшерін айқындауға құқылы. Сонымен қатар, сот алимент мөлшерін тұрақты ақша сомасында айқындауы мүмкін.
26	Алимент бойынша берешек қалай есептеледі?	Алименттер бойынша берешек мөлшерін сот

		орындаушысы өндіріп алу жүргізілмеген уақыт ішінде борышкер алатын нақты жалақыны (кірісті) негізге ала отырып, шешім орындалатын жерде белгілейді. Егер борышкер жұмыссыз болған жағдайда, алимент бойынша берешек оны өндіріп алу кезінде Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшері негізге ала отырып айқындалады.
27	Атқарушылық іс жүргізу шеңберінде кепілге салынған мүлікті өндіріп алуға бола ма?	Борышкердің өзіне қойылған, кепілмен қамтамасыз етілмеген, барлық талаптарды толық қанағаттандыруы үшін басқа да мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда кепіл ұстаушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген құқықтары сақтала отырып, кепілге салынған мүліктен өндіріп алу жүргізілуі мүмкін.
28	Жеке сот орындаушысы лицензиясын алу үшін не қажет?	Жеке тұлға жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға лицензия алу үшін «электрондық үкіметтің» www.egov.kz арқылы көрсетілетін қызметті берушіге: – өтініш; – лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесін жолдайды;